

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
корпоративтік хатшысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Корпоративтік хатшы лауазымына мынадай талаптарға сай келетін адам тағайындалады:

- 1) жоғары заңгерлік немесе экономикалық білім;
- 2) жұмыс тәжірибесі: ұқсас салада не заң саласында кемінде 5 (бес) жыл немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында ұқсас салада не заң саласында кемінде 2 (екі) жыл;
- 3) корпоративтік құқық саласындағы заңнаманы білу;
- 4) корпоративтік құқық саласындағы практикалық білім;
- 5) Қорға және оның лауазымды тұлғаларына үлестестіктің болмауы;
- 6) мінсіз іскерлік бедел;
- 7) дербес компьютерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.».

2. 17-тармақ мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарының орындалуын бақылау, сондай-ақ жауапты бөлімшелердің Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына уақтылы өзгерістер енгізуін бақылау.

Директорлар кеңесінің қарауына жылына кемінде 1 (бір) рет Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті шығару.».

3. 21-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына олармен жасалған Қоғамға қызмет көрсету шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға жәрдемдесу, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және/немесе Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыреті шеңберінде өздері жүргізетін талдау нәтижелерін қамтитын құжаттарды тәуелсіз директорлардан алу.»;

4. 30-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қоғамның Даму жоспары үшін ұсынылатын әкімшілік-шаруашылық және күрделі шығыстардың негізділігі.».